

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
АЛМАТЫ УНИВЕРСИТЕТІ

МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
УНИВЕРСИТЕТ АЛМАТЫ



АЛМАТЫ
УНИВЕРСИТЕТІ

МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВТЫҢ ТУҒАНЫНА 125 ЖЫЛ ТОЛУЫНА
ЖӘНЕ АЛМАТЫ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
20 ЖЫЛДЫҚ МЕРЕЙТОЙЫНА АРНАЛҒАН
«М. ЖҰМАБАЕВ МҰРАСЫ ЖӘНЕ РУХАНИ
ЖАҢҒЫРУ»
АТТЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТӘЖІРИБЕЛІК
КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ
МАТЕРИАЛДАРЫ



МАТЕРИАЛЫ
РЕСПУБЛИКАНСКОЙ НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ
КОНФЕРЕНЦИИ НА ТЕМУ
«НАСЛЕДИЕ М. ЖУМАБАЕВА И ДУХОВНОЕ
ОБНОВЛЕНИЕ»
ПОСВЯЩЕННОЙ 125-ЛЕТИЮ СО ДНЯ РОЖДЕНИЯ МАҒЖАНА
ЖУМАБАЕВА И 20-ЛЕТИЮ УНИВЕРСИТЕТА АЛМАТЫ

Алматы 2018

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
АЛМАТЫ УНИВЕРСИТЕТІ

МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
УНИВЕРСИТЕТ АЛМАТЫ

МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВТЫҢ ТУҒАНЫНА 125 ЖЫЛ ТОЛУЫНА ЖӘНЕ АЛМАТЫ
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ 20 ЖЫЛДЫҚ МЕРЕЙТОЙЫНА АРНАЛҒАН
«М. ЖҰМАБАЕВ МҰРАСЫ ЖӘНЕ РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ»
АТТЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТӘЖІРИБЕЛІК КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ
МАТЕРИАЛДАРЫ

МАТЕРИАЛЫ

РЕСПУБЛИКАНСКОЙ НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ КОНФЕРЕНЦИИ НА ТЕМУ:

**«НАСЛЕДИЕ М. ЖУМАБАЕВА И ДУХОВНОЕ
ОБНОВЛЕНИЕ»**

ПОСВЯЩЕННОЙ 125-ЛЕТИЮ СО ДНЯ РОЖДЕНИЯ МАҒЖАНА ЖУМАБАЕВА И
20-ЛЕТИЮ УНИВЕРСИТЕТА АЛМАТЫ

Замбаев Т.

Алматы қ., 10 қазан 2018 ж.

Алматы университетінің Ғылыми кеңесінің шешімімен баспаға ұсынылған
(№ 2 хаттама, 27.09.2018 ж.)

Жалпы редакциясын басқарған
М.Е.ЕРМАҒАНБЕТОВ

Жауапты редакторлар
Г.Б.НУРЛИХИНА, Б.Л.МАХМУТОВ, Г.К.АСТЕМЕС, Н.М.РАХМАНОВА

Құрастырушы
Н.М.РАХМАНОВА

«М. Жұмабаев мұрасы және рухани жаңғыру», «Наследие М. Жумабаева и духовное обновление» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдарының жинағы. – Алматы, 2018- 252 бет. – қазақша, орысша.

ISBN 978-601-223-077-2

Мағжан Жұмабаевтың 125 жылдығына және Алматы университетінің 20 жылдығына арналған «Мағжан Жұмабаев мұрасы және әлемдік руханият» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция жинағында Мағжан Жұмабаевтың әдебиет әлемін кеңейтудегі орны, қайраткерлік қызметі, шығармашылық мұрасының ұрпақ тәрбиесіндегі рөлі, рухани жаңғыру жағдайында гуманитарлық білім беру ісін жетілдіруге арналған ғылыми мақалалар топтастырылды.

Жинақ жалпы ақынның шығармашылығына қызығушылық білдіретін көпшілік оқырман қауымға арналған.

В сборнике республиканской научно – практической конференции «Наследие М. Жумабаева и духовное обновление», посвященной 125 – летию М. Жумабаева и 20-летию образования университета Алматы собраны научные статьи, посвященные вкладу Магжана Жумабаева в развитие литературоведения, его общественной деятельности, роли его творческого наследия в воспитании подрастающего поколения и совершенствованию гуманитарного образования в условиях духовной модернизации.

Сборник предназначен для широкого круга читателей, интересующихся творчеством поэта.

ӘӨЖ 821.512.122.0
ББК 83.3(5 Каз)

ISBN 978-601-223-077-2

© Алматы университеті, 2018

Құрметті әріптестер және конференцияға қатысушы қонақтар!

Бүгінгі Мағжан Жұмабаевтың 125 жылдығына арналған «М. Жұмабаев мұрасы және рухани жаңғыру» атты республикалық ғылыми - тәжірибелік конференцияға қош келдіңіздер!

XX ғасырдың басы еліміздің рухани-мәдени тарихындағы қиындығы мен қайшылығы мол күрделі кезең болды. Қазақ әдебиетіндегі аса ірі тұлға Мағжан Жұмабаевтың ақын болу, қалыптасу кезеңі – ұлттық көзқарастардың оянуы мен қоғамда жаңа жол іздеген дағдару дәуіріне тура келді. Дәл осы тұста Мағжан жалынды жырларымен ұлттың рухын көтеріп, ақындық үн қосып отырды.

Мағжанның барлық өмірі – поэзиясында. Ақынның өлеңдерін оқи отырып, ел ішіндегі әлеуметтік, қоғамдық өмірге белсене араласқанын байқауға болады. Мағжан өлеңдері негізінен халқының, ел - жұртының тағдырына арналған. Сыршыл ақынның поэзиясы романтикалық асқақ сезіммен өрілген. Жан тербетеді, адамды нәзік сұлу сезімдерге бөлейді.

«Мағжан Жұмабаев – біздің рухани өлкеміздегі киырдан көзге түсетін, көрген көз сүйінетін биік шырдарыздың бірі де бірегейі. Оны танып, оны қастерлеу – біздің елдік мәдениетіміздің анық көрсеткіші, сипаттамасы болмақ», - деп ақын Ғафу Қайырбеков айтқандай, Мағжан ақынның азаматтық үні, ұлттық рух пен патриоттық тәлім-тәрбиенің қайнар көзіндей өлең деген құдірет арқылы ұлт руханиятына қосқан үлесі бүгінгі күн тұрғысынан арнайы зерттеуді қажет етіп отырғаны анық. Осыған орай ақынның мерейтойын тойлау туған елі Сарытомардан бастау алып, еліміздің әр аумағында ғылыми-тәжірибелік конференцияларға жалғасты.

Не көрсем де Алаш үшін көргенім, Маған атақ – ұлтым үшін өлгенім, – деп жырлаған Алаш арысы бүгінгі Қазақ тәуелсіздігін көрмегенімен, оның таны түбі ататынына сенді. Осы орыда Елбасы Н.Ә. Назарбаев: «Алаштың басты мақсаты қазақ қоғамын бірте-бірте өзгертіп, заманға бейімдеу еді. Бұл біздің қазіргі жедел жаңғыру, яғни, модернизация бағытымызға да сай келеді. Алаш арыстары бізге мемлекеттілік идеясын ту етіп көтеруді табыстап кетті...», – деген пікірінің маңызы жоғары. Өйткені Алашшыл асыл азаматтың аманаты бізге тарихи-мәдени бірлігімізді, қарапайым тілмен айтсақ, қазақы қалпымызды қасиеттеп сақтауға міндеттейді.

Ел алдындағы басты мұрат – тәуелсіздік алып келген ұлттық құндылықтарды өскелең ұрпаққа насихаттау екендігін сіздер жақсы білесіздер. Мағжан шығармашылығы да ел болашағы – өскелең ұрпақты елінің көркеюіне, ұлт болашағын тәрбиелеу мен руханиятын дамытуда үлкен маңызға ие болары анық. Сондықтан Сіздер ақынның сан-салада көтерген мәселелерін ғылыми тұрғыдан талдап, мейлінше жіті зерделептұжырым жасайды деп ойлаймыз.

Ермағанбетов М.Е.
Алматы университетінің ректоры, х.ғ.д., академик

М. Жұмабаев қазақ поэзиясының ғана емес, түркілік деңгейге көтерілген, одан қалды әлемдік әдебиеттің көінде жарқыраған жарық жұлдыздардың біріне айналды. Ақынның түркілік бірлік туралы айтқан пікірлері күні бүгінге дейін өзінің маңызын жойған жоқ. Керісінше, жаһандану дәуірінде түркі әлемінің болашағына кепілдік беретін бірден-бір жол ретінде күн тәртібіне өткір қойылуда. Осы бір ұлт болашағы үшін аса маңызды мәселені өткен ғасырдың басында-ақ сезініп, түркі халықтарын достыққа, ынтымақтастыққа шақыруы Мағжанды ұлы ойшыл, гуманистердің қатарына қосады. Бұл туралы Ш. Елеукенов «Мағжан Жұмабаев - қазақ ұлтының қайткенде азаттыққа қолы жетеді деп көп ойлап, армандаған ақын. Өзі өмір сүрген тарихи жағдайда азаттық қолға оңайлықпен түсе қоймайтынын сезген ол ер түріктен тараған туыс елдердің ұйымдасып, бірлесіп, тізе қосқан күресі ғана отаршылдықты қазақ елінен, басқа бауырлас елдерден аластауға мүмкіндік туғызады деп сесптеген. Сондықтан ақынның түрік тақырыпты өлеңдерінде бұл идеяның ең өзекті идеяға айналуы- табиғи нәрсе»-деп, жазыпты.

Сонымен, Мағжан Жұмабаев - қазақ поэзиясының падишасы ғана емес, түркілік руханияттың көгінде жарқыраған жарық жұлдыздардың бірі. Күн сөнбесе, жұлдыздар да сөнбейді. Қазақ барда, жер бетінде түркілік әлем өмір сүріп жатқанда, Мағжанның рухы да жарқырап жана бермек.

Биыл ұлы ақынның туылғанына 125, қайтыс болғанына 80 жыл толғалы отыр. Осы бір айтулы датаға орай, 2018 жыл түркі әлемінде Мағжан жылы деп, жарияланды. Бұл дегеніміз - М. Жұмабаевты азамат ретінде де, ақын ретінде қазақ халқы ғана емес, күллі түркі халықтары танып, мақтан тұтып отыр деген сөз. Қазақстанды әлемге таныта түсетін осы бір оқиғаны халықаралық деңгейде ойдағыдай өткізу елдігімізге сын болайын деп тұр. Бұл салада ең алдымен, атқарылар іс елімізде атқарылып жатқан рухани жаңғыру бағдарламасы аясында ақынның өміршең шығармаларын, ұлы идеяларын халық арасына кеңінен насихаттай түсу мақсатымен кітаптарын, ол туралы жазылған зерттеулер мен естелік, эссе мақалаларды көптеп бастырып шығару сондай-ақ басқа халықтардың тілдеріне, оның ішінде туысқан түркі халықтарының, сондай-ақ әлемдік қарым-қатынас тілдеріне аударып шығаруды тездетіп қолға алған жөн.

Мағжанға қатысты түрлі шаралар ақынның туған жерінде ғана емес, Қазақстанның барлық жерінде ұлттық руханият тойы ретінде аталып өтуі тиіс. Бір сөзбен айтқанда,

М. Жұмабаевтың 125 жылдығы қазақ халқының ғана емес, туысқан халықтардың ортақ тойы ретінде бар салтанатымен жоғары халықаралық деңгейде өтуі керек.

ӘӨЖ 821.512.122

М. ЖҰМАБАЕВТЫҢ КӨРКЕМ ПРОЗАСЫНЫҢ МАҒЫНАЛЫҚ ҚАБАТТАРЫ

*Есембеков Т.У.ф.ғ.д., профессор
Алматы қ., әл-Фараби атындағы ҚазҰУ*

Көркем шығармадағы образ – адам санасының болмысты игеруінің нәтижесі. Ал өнер мен әдебиеттегі әмбебап мағына мен мәнге ие болатын бейнелер, персонаждар, бернелер мен архетиптер төңірегінде талас көп. Әдеби кеңістікте өмір сүріп жатқан әрқилы бейнелердің қауымдық қимыл - қозғалыстары, этникалық ой-қиялы, қоғамдық арманы мен мақсаты, тұлғалық ықыласы мен ынтасы, әлеуметтік іс-әрекеттері, олардан туындайтын оқиғалардың, тартыстардың, мотивтердің бәрі көркем әлем үшін тек «шикізаттар» ғана болып табылады деген пікірді қолдаушылар аз емес. Көркем әлемді шынайы сезініп, терең түсіну үшін бұларды өзара не байланыстырып тұратынын білу аса маңызды екен. Осы негіздерді біріктіріп тұрған түпкі ойды, тұтас құрылымды, авторлық ниет пен құлшынысты, ерік пен жігерді түйсінген адам үшін мәтіндегі фабула мен сюжет

енді іс-әрекеттердің жай жиынтығы ғана емес, туындыдағы көркем - реалдылықты құрайтын бас-аяғы айқын әдеби әлемге айналады-мыс. Мұндай болмыс көбінесе фантастикалық, кейде кәдімгі шынайы өмірге ұқсас болуы әбден мүмкін. Бұған мәтінде бейнеленген құбылыстарға деген автордың өзіндік шешімі мен бағасы қосылған соң мазмұн мен пішін одан әрі күрделенетүседі.

Күнделікті тұрмыстағы құбылыстар мен көріністер бейнеленген әдеби шығарманың кейде мифологиялық сипатқа ие болатынына жауап табу оңай емес. Көркем мәтінде бейнеленген күнделікті болатын қарапайым оқиғалардың әмбебап мағына тудыратын қасиетін ғылымда «мифологиялық» деп атау қалыптасқан.

«Фабулалық-мифологиялық дуализм» деп аталатын үрдіс жалпы әдебиетке тән ортақ сипат, бірақ қаламгерлердің дені өз шығармасында мифопоэтика мен мифодизайнға жүгіне бермейді, оларды басты мақсаты етіп қоймайтынының себебі көп, біреулері көркемдік жинақтаудың басқа түрлері мен деңгейлеріне жүгінуге ерікті. XIX ғасырдың соңында «миф» ұғымына деген бұрынғы дәстүрлі көзқарас түбегейлі өзгерген болатын. Осы тұста мифті ойдан шығарылған бос қиял деп санайтындар күрт азайды, өйткені мифтің нақты болмыспен ешбір байланысы жоқ деген ағартушылық көзқарас сынға ұшырай бастаған еді. И. Гердердің алғашқы адамдардың символ, метафора, аллегориялық образдармен ойлағаны, яғни сөз өнерінің бастауында мифологиялық ойлауға тәуелді үдеріс жатқаны туралы гипотезасы алғашқы кезде кең қолдауға ие болған еді. Олар біркездегі өте жоғары поэтикалық қуаты бар киелі ұғымдардың тұрмыстық қолданыста бірте бірте қарабайыр сөздерге айналу үрдісінің себептеріне үңілді. Гердердің өзі бір кездегі «мифологиялық» ойлауға негізделген тілден қазіргі күнделікті өмірдегі тілге дейінгі созылған ұзақ жолды адамзат ойының кері кетушілігінің басы деп есептеген. Сондықтан поэзияны атавизмнің бір көрінісі деп санаған аталмыш зерттеушінің өз уәжі бар. Сол себепті шабыт, құлшыныс, құштарлық күйіне енген суреткердің ойы мен бойында бұрынғы жабайы ата тегінің небір дөкір көріністері, анайы қасиеттері мен тағылық мінез-құлқы оянады- деген ғалым пікіріне қосылуқындау.

Мифті жан-жақты зерттеген және оның феномені туралы жаңа көзқарас ұсынған ғалымның бірі - А.Лосев еді. Ол алдымен мифтік сананың табиғатын терең қарастырып, оның адами танымның дамуы мен болмыстың диалектикасын тану үшін аса қажетті категория екендігін дәйектеген (1). Ұлы суреткерлер өмір мен болмыстың тарихы мен табиғатына терең бойлау үшін мифопоэтикаға жүгінгенін саралаған ғалым кез-келген қоғамның өзі ойлап табатын мифі де болатындығын да анықтаған. Ал кәдімгі өмірді мифтендіруге деген ынта мен ықыластың көбінесе қоғамдағы тоталитарлық ой мен ниеттен туатынын байқаған. XX ғасыр басында «коммунизм елесі», «империализм шибөрісі», «халық жауы», «тәңірлік сенім» сияқты мифологияландырылған ұғымдар аз емес еді. Мифтік тұрғыдағы саяси құбылыстардың қоғамдық қасіреті көп болатынын айтқан ғалымның өзі де соның зардабын тартты.

Жаңа миф тудыруға немесе ескісін жаңғыртуға деген құлшыныстың адам санасының тылсым сырларының бірі екендігі туралы жиі айтылып жүр. К. Леви-Стросс миф тудырушылықтың әрбір тарихи кезең үшін зәру және көкейкесті мақсат екендігін дәйектеді, өзі бұл идеяны семиотикада қолданды. Соңында ол мифті мәдени жүйенің заңдылықтарын қалыптастыратын белгілі бір код деп санаған(2.91). Эзоптың мысалдарын талдай отырып, зерттеуші мәдени реалиялардың пайда болу жолдарын анықтаған. Сонымен қатар ғалым қарапайым ғана құбылыстың миф тудырушылық қабілетінің идеологиялық негіздеріне баса назар аударды. Тарихи құндылықтардың, сенім-нанымдарға тәуелді әдет-ғұрыптардың қажет кезде мифке оңай айналатынын айта келіп, әлеуметтік орта оларды өз мүддесіне сай шебер пайдаланып, кейбір жасанды өмір құбылыстарын объективті етіп көрсетуге, нақты өмірлік тұрғыдан қалай болса да қисынды қылуға, оған көпшілікті иландытуға барын салатынын ескерткен. Қолдан жасалатын мұндай мифтердің адамның еркіндігіне қауіп төндіретінін Р.Барт та арнайы атап көрсеткен болатын (3.95). Француз ғалымы енгізген «натуралдандыру», яғни әркімнің

мифті өз пайдасына сай бейімдеу арқылы қажетіне жарату үрдісі үнемі байқалады екен. Алайда аталмыш термин соңғы кезде өзінің қолданылу аясын кеңіте бастады. Тіпті өз отанына оралғандардың ұлттық ортаға сіңісуі, бір халықтың экзотикалық тағамдарының басқа ұлт өкілдерінің қолданысына енуі, компьютерлік бағдарламалардың әрқилы үстемдікке жету құралы ретінде қазіргі адамдар санасында мықтап орнығып, кейін оған ықпал етуге тырысатыны туралы әңгіме осы сипатта өрби бастады. Мұндай жаңа ортаға бейімделу үдерісі Дарвиннің теориясын еске салатындай, бірақ бұл құбылыстарда табиғи сұрыптау сияқты қатал сынақ пен қиын емтихан жоқ қой. Мифтік натуралдандыру үдерісін әрі қарай зерттеген Д.Лакофф пен М.Джонсон деген ғалымдар мифтің әредікте күрделі өмірлік тәжірибиені байыпты бағалаудың жолдарын көрсететінін айтқан. Оған қоса бұл зерттеушілер мифтің көбінесе өмірді дәстүрлі қалыпқа қайта икемдеп отыруға септесетініне назар аударған (4.185). Олар мифті метафорамен жан-жақты салыстыру нәтижесінде адамдар метафораны - «қозғалыста жүретін ақиқат» есебінде, ал мифті - ақиқаттың соңғы тұрағы ретінде қабылдайды деген шешімгекелген.

Кезінде К.Маркс адамзат өркениетінің негізі - экономика, ал қоғамның рухани өмірі - идеологиялық қондырма деген идея таратқан еді. Әдебиет те өнердің басқа түрлері сияқты қондырманың өте белсенді бөлігі ретінде адам санасының қалыптасуына ықпал етеді - мыс. XX ғасырда үстем болған осы көзқарастың жетістік- кемшілігі туралы талай сөз айтылған. Әрбір жаңа қоғам мен әлеуметтік формация өзідейларын нақтылау үшін алдымен өнер мен әдебиетке жүгінеді. Қоғамның тамыршысына, әлеуметтік биліктің ымыраласына немесе қарсыласына айналған өнер мен әдебиет мақсаты мен қажетіне сай өзіндік мифтерін қалыптастыра бастайды. Өйткені әрбір қоғамдық топ пен тапқа, күш пен билікке дәстүрлі мифтік ойлаудың адам санасын идеологиялық тұрғыдан белгілі бір мақсатқа сай жедел «өңдейтін» қасиеті маңызды еді. Сөйтіп алмағайып өзгерістер ақындар мен жазушыларға ойлары мен сөздерінің қуатын осылайша арттыруға пәрмен берді. М.Жұмабаевтың Шолпаны, Ж. Аймауытовтың Күнікейі, М. Әуезовтің Хасені, Б. Майлиннің Мырқымбайы, Ғ.Мұстафиннің Шойынқұлағы Сәбиттің Шоқпыты, Сәкеннің дауылпазы мен эспрессі сияқты бейнелердің табиғатын осы тұрғыдан талдауға болар, оған негіз бар. Сарыла іздегенге мысал табылар. «Қанішер бай», «екі жүзді молла», «жолбике жазушы», «әдемі өмір» сияқты мифтік мағынадағы басқа образдар да назардан тыс қалмауы керек.

Әрбір ірі суреткердің шығармашылығы өз алдыны бөлек көркем әлем десек, сол әлемнің өзіне тән негізгі және туынды мифтері болатыны да түсінікті М. Жұмабаев, М.Әуезов, Ж. Аймауытов шығармашылығын осы ыңғайда тереңдетіп қарастырудың қисыны бар. «Шолпанның күнәсі», «Күнікейдің жазығы», «Қорғансыздың күні», «Кім кінәлі», «Қаралы сұлу», «Қасеннің құбылыстары» сияқты әңгімелер мұндай талдауға сұранып тұрғандай. «Күнә», «кінә», «жазық», «қаралы болу» сияқты ұғымдардың XX ғасыр басындағы ұлттық прозада жиі еолданылғанының сыры терең.

Мифтік және поэтикалық бейнелеудің өзара ұқсастығы да бар, айырмашылығы да жеткілікті. Ең бастысы - олардың адамға эмотивтік, экспрессиялық әсері әр түрлі. Миф пен образ мәтіндегі дерек пен ақпаратқа сәйкес болмауы да мүмкін, өйткені адамның ойы мен сезіміне көбінесе олардың туынды мағыналарының эстетикалық әсер ететіні белгілі. А.Лосев миф пен поэтикаға деген осындай екіұдай көзқарасты - қағынан жеріну және тарихи-рухани жатсынудың бір түрі деп бағалаған. Қорытып айтқанда, мифтің - өмірден мағынасы алшақ, ал поэтикалық бейнеден - дерегі бөлек дегенге назар аударған жөн болар. Мифтегі құбылыстардың көрінісі өмір суреттеріне сырттай ұқсас болғанымен олардың мәтіндегі ішкі қызметі мен мағынасы өзгереді. Ертегідегі ұшатын кілемнің жай кілемнен айырмашылығы тек ұша алатындығында ғана ғой.

Мәтіндегі миф пен поэтикалық бейненің бір бірінен бөлектеніп ажырайтын кезін тап басып табу оңай емес. Бұл процесс көбінесе оқырманның көркем мәтінді қабылдауы мен түсінуі кезінде өтеді, ал оқырманның ойы мен сезімінің өзгеру, даму үдерісін бақылау өте қиын. Көркем әдебиет пен мифтің арасындағы алшақтықтарды азайтуға, ал

ұқсастықтарын арттыруға ерекше мүдделі күштердің бірі - әдеби сын. Кейбір шығармалар арқылы әдеби үдерісті мифтендіруге оның қосатын үлесі мол, осы арқылы оқырмандардың назарын басқа мәселелерге аудару да жиі кездесіп отырады екен. Жекелеген көркем шығармаларды талдау барысында оларды «тылсым дүние» немесе «қараңғы әлем» ретінде таныстыру, кейіпкерлерді қауіпті және жанашыр деп бөлу, бейнелерді әртүрлі қорқынышты мифтік бейнелермен астастыру, архетиптерге телу арқылы мағына үстеуге деген құмарлық бұрын да болған, ал XX ғасыр басындағы прозада айқын көрінді.

Көркем әлем реалды дүниеден өзінің мифтік немесе шартты сипатымен ерекшелетіні мәлім. Адам санасы әредікте күнделікті құбылыстарға мифтік қасиет дарытуға аса ықыласты. Күн ұясынан шықты, тас төбеде тұр, ұясына батты, отпен ойнау, құм санау деген деген тілдік суреттер тереңдеп үнілгенде мифтік сипатта болса да оқырман үшін әрі түсінікті; әрі көңілге қонымды. Ал осы құбылыстардың сырын ғылыми тұрғыдан түсіндіретін жаратылыстану оқулықтарындағы ақпаратты дәл осылай қабылдау қиындау. Қалыпты ауызекі қолдануда жансыз құбылыстарға осылай жан бітіре бейнелеп айту қабылдауға икемді, ақылға сыйымды, көңілге қонымды, түсінікті. Көктем туды, жаз шықты, күз түсті, қыс келді деген тіркестер де мифопоэтикалық қызмет атқаратыны айқын. Демек, әдебиеттегі айқындау, айшықтау мен құбылтуға да мифтің қатысы бар.

Көркем әдебиет қарапайым сананың мифопоэтикалық үрдісін және әдеби әлемнің кеңістік, уақыт, қозғалыс сияқты компоненттерін құрылымдық қағидаттар ретінде пайдаланады. Мұның бастауы қайта өрлеу заманы шығарған гомоцентристік концепцияда жатыр. Оның мәні мынадай: Алла адамды дүниенің кіндігі етіп жаратқандықтан, ол өз алдына «кіші әлем» бола алады-мыс. Ал осы түйіннен әдеби туындының әрқайсысы әдеби әлемнің кіндік орталығы бола алады деген пікір туындайды. Автордың «ішінен» шыққан әдеби дүниені оқырманның «сыртынан» оқып игеруін А.Фрайдың «центрге ұмтылғыш үдеріс» деп атағаны белгілі.

Мифтік сананың әлемді жоғары, орта, төмен деп шартты түрде үшке бөлгені мәлім. Жоғары әлемде - жақсылық толы жұмақ, ал тамұқ-төменде, жер асты - өлілер мекені. Ал екеуінің ортасында - адам тұр. Бұл бөлістің антикалық дәуірде әдеби жанрларды жүйелеуде де қолданылғаны мәлім. Трагедия - жоғарғы жанр, драма - ортада, ал комедия - төменгі сатыда. Кеңістікті осылай тігінен бөлуге қосыла отырып, әдеби талдауда Ю.Лотман тағы да горизонтальды екі кеңістікті пайдалануды ұсынды. Оның біреуі - тұйық көркем кеңістік, онда кейіпкердің қорғанысы мен қорғаушысы бар, өйткені ол өз туысқан адамдарының, тілеулес тобының, ұжымының ортасында. Екіншісі - ашық-шашық кеңістік, кейіпкер ол жер үшін бөтен, яғни ол ортада - қорғансыз. Атамекенін, туған үйін, жайлы мекенін, туыстарын тастап кетіп, өзіне бейтаныс, қауіпті, жат әлемге құмар, қорғаны жоқ кеңістікке баруға бейілді кейіпкерлер қайдан шықты деген сұрақты көптеген шығармаларға қоюға болар, бірақ жарытымды жауап табу оңай емес. Сонымен қатар сөз өнеріндегі шектеулі және шексіз мифтік кеңістіктер туралы да сөз қозғалып жүр. М. Жұмабаевтың «Шолпанның күнәсі» әңгімесінің мағыналарын жаңаша пайымдауға бұл пікірдің қажеттілігі бар, өйткені мәтінде осы тақылеттес көріністер кездеседі, яғни кеңістіктің мифопоэтикалық қызметін арнайы сараптаудың қисыны бар.

Әдеби уақыттың парадоксі туралы аз айтылмаған, дегенмен ол көркем әлемді тұтас қабылдауға бөгет болмас, өйткені әдебиет өмірдің «айнасы» ғана емес, сонымен қатар ол - болмыстың көркем моделі. Егер объективті болмыстың басталу сәті де, аяқталу кезі де белгісіз болса, ал мәтіндегі көркем әлемнің басталуы да, соңы да бар. Оның басталуы - себеп, аяқталуы - салдар болады деп жүргендердің сөзіне құлақ салу керек, сондықтан сюжеттің аяқталатын тұсы мәтіннің күшті позициясы деген пікірдің уәжі бар. Әдеби шығармадағы бас кейіпкердің трагедиялық өлімі - өмірдің баянсыздығының көрсеткіші болса, ал оқиғаның екіұдай ыңғайда аяқталуы - өмірдің, жалпы алғанда, тұрақты дамуына деген имплициттік көзқарастың белгісіндей. Осындай ой түйге негіз бар.

Өнерде де, өмірде де уақытты - «бақытты», «мамыражай», «қой үстіне бозторғай

жұмыртқалаған», «өтпелі», «қиын» деп бағалау жиі кездеседі. Ал Мағжан әңгімесіндегі мынадай ойлар бар: « Өмір- бір құрулы машина. Тоқтау білмейтін, шаршау білмейтін жансыз машина. Әлдекімнің жас орнына қан жылағанын, әлдекімнің үміті өшіп, гүлі солып жатқанын, дөңгелектің арасында әлдекімнің қолы, аяғы, басы – барлық денесі кеткенін, денесі ғана емес, жаны, жүрегі кеткенін не қылсын». Әрине, бұл - уақыттың дәл сипаты, анық белгісі емес, сол уақыттағы өмір сүрген адамның ішкі күйінің көрінісі. Уақыт категорияларын қабылдаудың субъективтілігін байқаған психологтар преспективтік уақыт деген ұғымды айналымға енгізді. Астрономиялық уақыт пеноны қабылдаудағы айырмашылықты М. Жұмабаев, М. Әуезов, Ж. Аймауытов сияқты қаламгерлер көркем әлемді мифтендіре бейнелеудің конструктивті қағидатына айналдырған. Әр кейіпкер уақытты өзінше тұспалдайды, өз уақытының ішінде өмір сүреді. Бұл – мәтінге сай өзгертілген уақыт шамасы болғандықтан, әдеби туындыдағы диалогтар мен монологтар өздерінің айтылу уақытына ғана барабар мезгілді көрсетеді.

Әдеби сюжетті белгілі тарихи уақытқа сай бейімдеу, ыңғайластыру әрекеті жиі кездеседі. Бұл – сол кезеңнің тарихи тұлғаларын персонаждар құрамына қосу және мәтіндетаныс тарихи деректерді, белгілі оқиғаларды қоса пайдалану арқылы жүреді. Д. Лихачевтің әр қаламгер нақты уақытты өз мүддесі мен мақсатына сәйкес өзгертіп, жаңа көркем уақыт жасауға тырысады деген пікірінің жаны бар /5/. Мәтінде бейнеленген этнографиялық заттар, тұрмыстық құралдар, ұлттық рәсімдер де тарихи уақыттан белгі беріп тұра алады. Қозы Көрпеш пен Баян Сұлуға қазіргі кездегі киім – кешек кигізіп, оларды бүгінгі тілмен сөйлетуге тырысқан қазіргі модернистік театрлық қойылымдардың дәстүрлі классикалық шығармамен жақсы таныс көрерменнің ықыласына бөленбегенінің бір себебі осында жатқандай. Қазіргі кезде осындай ремейк қойылымдардың мәтінді дұрыс талдамай, асығыс көркемдік шешімдерге баратыны, көркем мәтіннің басқа өнер тіліне ауысқанда әдеби мағынасының өзгеріске түсетінін біле бермейтіні байқалып отыр. Әрине, бұл спектакльдер махаббаттың мәңгілік сезім екендігін өзінше бейнелеуге тырысуының бір жолы болар. Бірақ мұндай қойылымда мәтіннің референциалдық қызметі әлсіреп, мифопоэтикалық әлеуеті күшейіп кететінін есте ұстаған жөн.

Миф көбінесе тылсым күштердің құдіретінен туады деп саналады, сондықтан олардың әсерін негізінен циклдық деп айтуға болады. Мысалға алсақ, «Эдип патша» трагедиясындағы персонаждар тағдыры, олардың маңдайына не жазылғаны кейіпкерлерге белгісіз, тіпті кейбір тұста одан автордың өзі де бейхабар ма екен деген сауалдар туады. Тылсым күштер табиғатын автор өз қажетіне қарай кейіпкерлерін жазалауға, қорқытуға, оқиғаны басқаша құбылтуға пайдаланып отыратыны тәжірибеде жиі кездеседі, бұл құбылыстың астарына жіті үңілудің зәрулігі бар. Реалистік туындыларда бұл жағдай басқаша өрбиді. Жазушы бір оқиғаны не трагедиялық, не драмалық, ал кейде күлкілі етіп бейнелей отырып, әр түрлі шешімді өзі ұсынады.

Өмірлік құбылыстарды кейде әдейі мифтендіруге тырысу мысалдары Мағжан әңгімесінде бар. Әсіресе мифтік Венера-Шолпан образы шығармаға мағынасына көп қабаттылық дарытып тұрғандай. Демек, қаламгер ұстанымы тек мифтік Венераны қазақ қауымы үшін маңызды бейне дәрежесіне айналдыруға деген ұмтылыстан тұрмайтыны анық. Шолпан бейнесін сомдаудағы пиғылы мен ниеті нақты саяси, қоғамдық, әлеуметтік, тұлғалық жағдайлар мен ахуалдарға байланысты. Асылы, осындай мифтік таңғажайып өзгерістер мен құбылтулар болмаған жерде өмірдің де мағынасы аздау дегенді талай мәрте қайталаған ойшылдар пікіріне құлақ асқан дұрыс шығар. Шығарма оқиғасы - мәтінді жан-жақты талдау мен бағалау категориясы ретінде өте маңызды. Әдеби сюжеттегі іс-әрекет жүйесі кейіпкерлерді әрқилы оқиғаға жетелейтіні бар. Туындыдағы «Дүниеде адамнан қиын жұмбақ жоқ. Адам – шешуі жоқ жұмбақ. Шешуі деп атауға болатын болса, адамның шешімі жалғыз өлім» немесе «тегінде тәңірі де ауыздықсыз, арсыз саудагер» (6.97) деген авторлық ой талқылардың мифтік маңызы тереңде. Әрине, біреуге қызық болып көрінген ой мен оқиғаны басқа біреу мүлдем қарапайым сапада қабылдауы жиі болып тұрады. Ғажайып оқиға, тосын әрекет, шешуі белгісіз жұмбақ

құбылыс әруақытта қызығушылық тудырады, оқырманның осы психологиялық тәуелділігінің құпияларын жақсы меңгерген жазушылардың өз оқырманын ойлана отырып таң қалдыру үшін шығармада алуан түрлі тәуекел мен әрекеттерге баруы өзін ылғи ақтай бермес. Кейде кездейсоқ құрастырылған болып көрінетін, бір қарағанда қисынсыздау болып көрінетіноқиғалардың оқырман ықыласын ерекше аударғандары туралы мәлімет көп. Қазақы ортада тәрбиеленген, өзінің сүйгеніне тиген Шолпанның жасағанға «бала бере көрме» деген бірнеше жылғы ұдайы тілегі мен үздіксіз жалбарынуы басында көпшілікке түсініксіздеу болатыны рас. Шолпан сияқты қазақ қызының, мұсылман әйелдің болу-болмауы, бір тін ішіндегі амбивалеттік өзгерістер мен құбылыстар сияқты басқа да неғайбыл оқиғалар әңгіменің көркем әлеміндегі басты оқиғаларға айналып, әдеби қисындылық тудырған. Оған көрермен қалауы қосылған. Нәтижесінде олар осындай мифопоэтикалық оқиғаларға толы шығарманы талай мәрте оқуға, әңгіме желісі бойынша түсірілген киноны қызыға көруге дайын. Қысқасы, М. Жұмабаевтың «Шолпанның күнәсі» шығармасы да мифопоэтикалық талдауға әбден лайықты.

Оқиғаны мифтендірудің тағы бір өнімді жолы- оған символикалық мағына үстеу. Кейбір шығарма кейіпкерлері өзін мифтік бейне ретінде сезінеді, соған сай әрекет етуге тырысады. Шолпанның бала үшін «дүниеден безуі», «тәңірден тәуелі қайтуы», «жүрегі уға толуы», «ойларының қарайғаннан қараюы», «жүрек жарасы», «есалаң тілегі» сияқты авторлық баяндауды тек сентенция ғана емес, қаламгердің бағасы мен байламы, үкімі мен шешімі ыңғайында қабылдаған жөн болар. Әңгімеде космогониялық, эсхатологиялық мотивтер, оған қоса адамгершілік, әлеуметтік, эзотериялық, аллегориялық, пәлсапалық, діни, этномәдени мағыналық қабаттар бар. Мифтік астарлы мағына архетиптер арқылы берілген. К.Юнг теориясына сәйкес бұл когнитивтік құрылым «ұжымдық бейсаналылық» ретінде көркем мәтінге ерекше әсер етеді екен. Әдебиеттануда көркем мәтіндегі архетипті – қайталанатын образ деп бағалау қалыптасқан, бұл образдар дами отырып, сюжеттік желілер құрап, бір шығармадан екіншісіне ауысып, өзгеріп отырған. Мысалы, Шолпан атауы да, Сәрсембай бейнесі де ақын өлеңдерінде жиі қолданылған. Аталмыш заңдылықты байқаған когнитивтік психологтар 1980-жылдары әртүрлі гипотезалар ұсынған. Адам санасындағы мәдени импланттар туралы сөз қозғалды. «Мем» деп аталған мәдени мұраның адам санасындағы құпия бірліктері жайында пікірлер айтылды. Тіпті «вирус тәріздес мәтіндердің» адамзаттың талай ұрпағына белгілі бір рухани дерт тарататын инфекция тәрізді әсер ететінін зерттегендер бар. (Hofstaolter,1985). Ал Я.Голосовкер «Миф логикасы» зерттеуінде (1987) тарихи мифтердің қалыптасуын, дамуын қарастыра отырып, ондағы жеке адамдар әрекетінен, оқиғалар барысынан көрінетін көркем образдардың басқаларға тигізетін ықпалын иллюзияға теңейді. Адамзат тарихында Көсем, Дұшпан, «Қаһарман Дәуір», «Тоқырау кезеңі», «Әлемдік дағдарыс» сияқты мифтік константалар қайталанып отырады екен. Қазіргі кезеңде «Әлемдік дағдарысты» дүниені бір өзі қаусырып ала алатын жойқын мифтік ұғымға немесе әмбебап образға айналдырудың өзіндік себептері бар. Қажет шешімдерге, өзіне керек нәтижелерге жету үшін белгілі күштер мен топтардың осындай мифтік мәні бар құбыжықтарды ойлап табуы талай мәрте қайталанғаны туралы дерек жетерлік.

Л.Фидлер атты зерттеуші әдеби шығарманың негізгі күшін оның мифопоэтикалық қасиетімен байланыстырған болатын, бірақ туындының көркемдігіне оның қатысы шамалы екендігін де өзі айтқан. Ғалым архетиптердің уақыт өте келе өзінің мифтік құнын жоғалтып, кәдімгі стереотиптерге айналатынын көптеген мысалдармен дәлелдеуге тырысқан. Қазіргі кездегі көбейіп кеткен комикстердің негізінде ежелгі архетиптер жататындығына назар аударып, осының себебі - адамзаттың балалық шағын үнемі аңсайтынында жатқанын айтқан. Атақты орыс жазушысының адамзат өзінің өткенімен күліп қоштасады дегенінде де осындай мағына жатса керек.

Әдеби туындыдағы мифтік мағына туралы әңгіме көп, көркем мәтіндегі әрбір

сөзден, іс-әрекеттен мифтік астарлы мән іздеу де азаяр емес. А.Чеховтың пьесаның алғашқы көрінісінде қабырғада мылтық ілулі тұрса, ол соңғы көрінісіне дейін атылуы керек деген ойын біржақты қабылдау басым. Ал мылтық коллекциялық зат ретінде немесе әшекейленген үй бұйымы есебінде де ілулі тұруы мүмкін ғой, ендеше оның бұл жағдайда атылуы неғайбыл. Демек барлық астарлы мағынадан мифтік сипат іздей берудің реті де, жөні де жоқ.

Әдеби мәтінді талқылауда әрбір компоненттің көркемдік маңызын айқындап алудың жөні бар, мұндайда олардың әр біреуінің композициядағы орнын, мәтін ішіндегі мағынасын жан-жақты қарастырудың берері мол. Типті мифтің өзінде де әрбір сөздің астарлы мағынасы бола бермейді. Осындай миф табуға үйірсектерге қарсы айтылған А.Лосевтің мына бір пікіріне ойлана қарау керек: «Ахиллдың ашуы Ахиллдың ашуынан басқа ештеңе емес».

Сөз өнері тұтас мәдени кеңістік құрып тұратын толып жатқан «көркем әлемдер жиынтығы». Әдеби кейіпкердің іс-әрекетін өмірге жанасатындай етіп бейнелеу немесе оларды қарапайым өмірден жоғары көтере отырып өзгерте суреттеу арқылы әр қилы мағына тудыруға құмар жазушылар аз емес. Олар шығармаларында оқиғаны өзгерте, дамыта, құбылта отырып құрастыруға тырысады. Әр әдеби туындының өзмифопоэтикалық «шындығы» бар, бірақ ол өзіне дейінгі көркем шындықтарды жоққа шығармайды, өйткені кез-келген көркем шындықты дәлелдеудің қажеттілігі шамалы. Оған қоса әдеби шығармадағы «өтірікті» де ақтап алудың қисыны аздау. Мұндайда фабулалық мифопоэтикалық материалдың өмірдің объективті бейнесін әрдайым бере алмайтынын есте ұстаған орынды.

Ю.Лотманның әдебиетті «екінші жүйе» дегеніне сүйенсек, онда көркем мәтінді «үшінші жүйе» деп атауға тура келеді, яғни бұл модель - элементтерінің өзара тығыз байланыстылығымен ерекшеленеді, онда мифопоэтикалық қызмет ерекше бағаланады.

Әдеби шығарманың мифопоэтикалық құрылымын талдау үшін алдымен ондағы мифтік негіздерді анықтап алу қажет, яғни мәтіннің мифтік композициясының сипаты айқындалады. Әдебиеттің мифпен байланысының өте күрделілігі өз алдына, әдеби дамудың әр кезеңінде оның мифопоэтикаға деген ынта-ықыласы да өзгеріп отырғанын естен шығармаған абзал. Көркем мәтінді талқылауда мифтік образдар мен сарындарға жете көңіл бөлудің берері көп. Олимптегі құдайлар мен әкесінің шешімдерін мойындамаған Венера мен жаратқанның, табиғаттың, діннің заңдылықтарын мансұқтаған, ұлттық құндылықтар мен дәстүрді елемеген Шолпан арасындағы байланыстар аз емес. Қазіргі кездегі әдеби-сыннидискурсадамифтіңқыпалыбарекендігінескергенорынды. «Шолпанның күнәсі» ХХ ғасыр басында қазақ прозасын жаңа көркемдік, идеялық деңгейге көтерді. М. Жұмабаев ұлттық ақындық прозаның негізін қалады, өрнекті прозаны орнықтыруға ден қойды. Психоанализ үлгілерін көрсетті. Есалаңдық, ессіздік, бейсаналылық, мифологема, архаикалық модельдер сияқты сол кезең үшін жаңа ұғымдар арқылы мифопоэтикалық күрделі мазмұн мен терең мағыналар тудырудың жолдарын көрсетіп берді.

Әдебиеттер:

1. Лосев А. Ф. Диалектика мифа. –М.,1990
2. Levi-Strauss C. The Savag Mind. –L.1974.
3. Barthes R. Image – Music – Text. –L.1977
4. Lakoff G. Johnson M. Metaphors We Live By. –Chicago.1980.
5. Лихачев Д.С. Поэтика древнерусской литературы. –М.-1994.
6. Жұмабаев М. Шолпанның күнәсі. // Шығармалар. 2, 3-т. –Алматы,1996.

М. ЖҰМАБАЕВТЫҢ ҚАЗАҚ ҒЫЛЫМЫНА ҚОСҚАН ҚҰНДЫ МҰРАЛАРЫ

*Ісімақова А.С.ф.ғ.д., профессор
Алматы қ., М.О.Әуезов атындағы
әдебиет және өнер институты*

Мемлекет қайраткері, Алаштың ақыны, жазушы, көсемсөзші, ғалымы Мағжан Жұмабай (1893.25.ҮІ-1938.19.ІІІ) Солтүстік Қазақстан облысында Сасыккөлде дүниеге келген.

«Кір жуып, кіндік кесіп, сенде өскен көл,
Құрбымен ойнап-күліп, кел дескен көл.
Айдын көл, ата қоныс, құт болған көл,
Сусын боп сұрағанға от болған көл.
Кеше бірлік, ынтымақ түгел шақта
Бейне бір сенің басың сүт болған көл.
Білмеймін не боларын, қайран көлім,
Жарайды тең болмаса күн мен түнің.
Итиіп қарашекпен келіп қонса,
Басыңнан құсың ұшып кетер сенің» [1. 32-33].

Әкесі Бекен дәулетті отбасынан шыққан, болыс болған. Атасы Жұмабай саудамен айналысқан азамат, Меккеге барып қажылық сапарын атқарып келген беделді адам болған. Жұмабай немерелерінің ішінен Мағжанды ерекше жақсы көрген: «Менің атымды осы балам шығарады» деген екен. Алғаш білімін сол кездегі тәртіппен ауыл молдасынан алған Мағжан Түркияда білім алған, Қызылжарда медресе ашқан Мұхамеджан Бегішовтан сауат ашқан. Бұл имам сол кезде мұсылмандарды шоқындыруға қарсы үлкен ерлік көрсеткен қайраткер. Осы имам жазған прокламация Көкшетау қазағы Қосшығұлов Шәймерденнің көшіруімен Абайдың қолына тиген. Кейін осы қағаз Абай үйін тінтуге себеп болған.

Мағжан 1902-1906 жылдары Ақия Ақанов деген мұғалімнен арабша, жәдитше тәржіма үйреніп, сабақ алған. 1906-1910 жылдары Мағжан Қызылжарда Қасен Панамарұлы деген молдадан мұсылмандық білімін жәдитше шыңдайды. Ақын 1911-1912 жылы Уфадағы «Ғалия» медресесінде оқыған. 1910 жылы «Оян, қазақтың!» авторы Міржақып Дулатовпен танысады, осыдан бастап жас болса да ұстаз бола білген М.Дулатұлы орыс тілі мен классикалық әдебиет пен Абай өлеңдерімен танысуына себепкер болды. Сол кезде Уфада сабақ берген татардың классик жазушысы Ғалымжан Ибрагимовтің қолдауымен әдеби ортаға еніп, 1912 жылы М.Жұмабайдың «Шолпан» атты тұңғыш кітабы жарық көреді.

М.Дулатұлы бастаған Алаш арыстарымен пікірлесу арқылы жас ақынның 1910 жылдан басталған көркем шығармалары, көсемсөзі, қоғамдық-саяси, ғалымдық еңбектері ұлт-азаттық мақсатқа толық бұрылды. Жас ақын Абайға әуелі еліктеуден бастап («Жазғытұры», «Күз») өзі «Атақты ақын – сөзі алтын Хакім Абайға» деп атаған

«Қазақтың Бас ақынын» үлгі еткен. Алғашқыда ғашықтық лирикасы басым болған Мағжанның ендігі басты мақсаты – орыс отаршылдығын әшкерелеу: Ыбырай Алтынсарыұлы, Абай, Ахмет, Міржақып, Ақан сері, Біржандар бастаған күресті осылай жалғастырды.

Абылай өткеннен кейін қазақ жерінің иесіз қалғаны белгілі. 1822 жылдан бастап Қазақ Мемлекетінің хандық жүйесін тоқтатқан орыс билігі отарлаудың басты әрекетін іске асырды. Кенесары ханның 1836-1846 жылдардағы соғысы Абылай хан бастаған Қазақ мемлекеттілігінің хандығын қайтару ғана емес, Қазақ мемлекетінің негізі болған жүйені орнына келтіру еді. Кенесары хан қозғалысы жойылғаннан кейін 1868 жылдан бастап

способствует развитию устной и письменной речи, обогащению их способностей учащихся.

проиллюстрируем задание-выбор: Как раскрывается поэт в поэме «Батыр Баян»? Докажите своё мнение на основе составленной таблицы

как сабля, как огонь, как твердая сталь, как же расправить крылья без Баяна?

кто не говори – богатырь Баян, рождения переживал за свой народ».

проиллюстрируем ответ ученика. В поэме «Батыр Баян» героя предстает как настоящий богатырь. Среди всех как огонь во многих сражениях, побеждает врагов как пламя и переживал за народ. Эти качества ценили и хан, и народ. Баян, он ради чести народа убил родного ему человека, но своей дальнейшей жизни и, закрыв глаза, идет против смерти. Он говорит, и что ждет его впереди, герой идет на подвиг. Это было и определил для себя. Он занимает место в сердце читателя и, гордый богатырь.

дает учащимся по данной таблице воссоздать образ героя. Для этого по речью имени героя, оформляют таблицу на основе и героев поэмы.

Литература:

1/68/ Жумабаев. Стихи, проза и литературные исследования. Алматы, 2006. С.223-231
Стихи, проза и литературные исследования. Составитель –

МАЗМҰНЫ

ПЛЕНАРЛЫҚ БАЯНДАМАЛАР

Ермағанбетов М. Е. <i>Алғы сөз</i>	3
Ысқақұлы Д. <i>Қазақ поэзиясының ұлттық мақтанышы</i>	4
Есембеков Т. У. М. <i>Жұмабаевтың көркем прозасының мағыналық қабаттары</i>	8
Ісімақова А. С. М. <i>Жұмабаевтың қазақ зылымына қосқан құнды мұралары</i>	15
Қорабай С. <i>Түркі әлемінің жарық жұлдызы</i>	27
Қанарбаева Б. <i>Мағжанның «Жүсіп хан» поэмасын оқытудың әдісі</i>	31
Мәдібай Қ. Қ. <i>Мектептегі ана тілі – барлық білімнің негізі</i>	35
Бузаубагарова К. С. <i>Зачем идёшь к поэту?</i>	38

МАҒЖАННЫҢ ӘДЕБИ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАР

ДУХОВНЫЕ ЦЕННОСТИ В ЛИТЕРАТУРНЫХ ПРОИЗВЕДЕНИЯХ МАҒЖАНА

Ахметова Ж. Қ. <i>Фольклор және Мағжан</i>	41
Әбдіқалық К. С. <i>Мағжан және ұлттық баспасөз</i>	45
Әлтай А. Д. <i>Мағжан Жұмабаев және балалар поэзиясы</i>	49
Атабай Б. <i>Мағжан Жұмабаев өлеңдеріндегі махаббат концептісі</i>	53
Бейсентай А. Б. <i>Ақындық болмыс және шығармашылық ізденіс арналары</i>	58
Бекбосынов М. <i>Қазақ әдебиеттануындағы Мағжан романтизмінің зерттелу жайы</i>	63
Елеукенов Ш. <i>Рухани жаңғыру және Мағжан ақын میرасы</i>	66
Елікпаев С. Т., Қапасова Б. Қ. <i>Мағжан туындыларындағы «алаш», «жастар» концептісі</i>	71
Қадыров Ж. Т. <i>Қазақ поэзиясындағы Мағжан және Сәкен үндестігі</i>	74
Негімов С. Н. <i>Мағжан және Сәбит</i>	80
Оразбек М. <i>Мағжан лирикаларындағы полифонизм</i>	83
Пірәлі Г. Ж. М. <i>Жұмабаев және XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеттануы</i>	87
Рахманова Н. М. <i>Мағжан – әдебиеттің алтын көпірі</i>	92
Сарсекова М. Д. <i>Мағжан Жұмабаев – мәңгіліктің бір үзгі</i>	96
Тайшыбай З. С. <i>Мағжантанудың кейбір өзекті мәселелері</i>	100
Тілешов Е. <i>Қазақ жазба әдебиеті контекстіндегі Мағжан Жұмабаевтың шығармашылығы</i>	110
Тұрысбек Р. <i>Қазақ өлеңінің көркемдік кеңістігі (Ж. Аймауытұлы және М. Жұмабаев: сабақтастық сипаттары)</i>	115
Хамзина Г. С., Таймуллина Қ., Кусаинова Г., Кенбаева А. <i>Мағжан Жұмабаев поэзиясындағы «сағыныш» концептісі</i>	118